

Qazaqstanda Til Bilimi Men Ädebiyettanuvdın Özekti Mäseleleri: Bügini Men Erteñi

Editör

Ayabek Bayniyazov

Yazarlar

Bağdan Kataykızı Mominova
Garifolla Änes
Kalamqas Seydullakızı Kalıbayeva
Ayjan Maratbekkızı Kartayeva
Güljibek Äskenkızı Kusmanova
Janar Tölevbaykızı Bayniyazova
Bakıtjan Bekenkızı Kelgembayeva

Berdibek Nuroldaulı Biyarov
Salima Oralhankızı Simbayeva
Aluva Vasilyevna Tanjarikova
Ümit Garifollakızı Änesova
Särsenbay Kuvantayulı Kulmanov
Araylı Älibekkızı Särsembayeva

ISBN: 978-625-7305-32-7

1. Baskı

Temmuz, 2021 / Ankara

Yayın Sertifika No

46683

Matbaa Sertifika No

46682



Grafiker®

Yayınları

Yayın No: 398

Web: grafikeryayin.com

Kapak, Sayfa Tasarımı, Baskı ve Cilt



Grafiker®

Grafik-Ofset Matbaacılık Reklamcılık

Sanayi ve Ticaret Ltd. Şti.

Oğuzlar Mahallesi

1396. Cadde No: 6/A

06520 Balgat-ANKARA

Tel : 0 312. 284 16 39 Pbx

Faks : 0 312. 284 37 27

E-mail : grafiker@grafiker.com.tr

Web : grafiker.com.tr

Kitaptaki bölümlerin hukuksal ve bilimsel sorumluluğu yazarlarına aittir.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	5
<i>Б. Момынова.</i> Қазақ тіліндегі демеулік шылаулардың тегі және мағыналық реңктері жөнінде.....	11
<i>Ғ. Әнес.</i> XX ғасыр басындағы көрнекті тілші-ғалым һәм түркітанушы (Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлының белгісіз қыры).....	21
<i>Қ. Қалыбаева.</i> Түркілік дүнетанымның ұлттық сипаты.....	41
<i>А. Қартаева.</i> Ұлы Абайдың әлемге танылуы.....	57
<i>Г. Құсманова.</i> Айтыс өлеңдерінің лингвотекстологиясы.....	67
<i>Б. Келгембаева.</i> Нұрлан Мәукенұлы лирикасындағы ұлт тағдыры.....	85
<i>Ж. Байниязова.</i> Түркі лексикографиясының тарихы жайлы.....	95
<i>Б. Бияров.</i> Ұлы Абай туып-өскен өлкенің жер-су аттары.....	103
<i>С. Симбаева.</i> Интертекстуалдылықтың мәтінтанудағы рөлі.....	115

<i>А. Танжарикова.</i> Мистикалық шығармалар мазмұнындағы діни мотивтер, символдар, культтің көркемдік қызметі.....	129
<i>Ү. Әнесова, С. Құлманов.</i> Көркем мәтіндегі теңеу-символдардың семантикасы.....	139
<i>А.Сарсембаева.</i> Жоғары оқу орындарында көп тілді оқыту арқылы көп тілді орта қалыптастыру.....	149

АЛҒЫСӨЗ

Құрметті оқырман, қолыңыздағы “Қазақстанда тіл білімі мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері: бүгінгі мен ертеңі” атты жинаққа Қазақстанның белгілі жоғары оқу орындарында жемісті еңбек етіп жүрген тілші-әдебиетші ғалымдардың қазақ және түркі тіл білімі мен әдебиеттану мәселелеріне арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары мен мақалалары еніп отыр.

Қазіргі таңда Түркияның жиырмаға жуық жоғары оқу орнында “Қазіргі түркі халықтарының тілі мен әдебиеті” кафедрасы жұмыс істейді. Осы бөлімдердің оқу бағдарламасына сәйкес білікті, ғылыми дәрежесі бар мамандар тарапынан қазақ тілі мен әдебиеті де пән ретінде оқытылып келеді. Кейбір бөлімдердің жанынан магистратура мен докторантура бағдарламасы ашылған. Сондықтан Қазақстандық ғалымдарымыздың зерттеулерінің бауырлас Түркияда қазақ тілінде жариялануы ерекше маңызға ие. Алдымен кітапқа енген мақалаларға қысқаша мәлімет беріп өтейік.

Бағдан Момынова “Қазақ тіліндегі демеулік шылаулардың тегі және мағыналық реңктері жөнінде” атты мақаласында қазақ тіліндегі көмекші сөздер – шылаулардың табиғаты, тегі, мағыналық ай-

ырмашылықтары мен реңктері туралы сөз болады. Шылаулардың ішіндегі демеулік шылаулардың жазылуына, кейбір қиындықтар мен түрлі үдерістеріне назар аударылады.

Ғарифолла Әнес “*XX ғасыр басындағы көрнекті тілші-ғалым һәм түркітанушы*” (Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлының белгісіз қыры) атты мақаласында қазақ тіліндегі сингармонизм заңы туралы алғашқы ғылыми тұжырым иесі, қазақ тілінің негізгі заңын тани алған қазақ ғалымы Халел Досмұхамедұлының ғылыми және шығармашылық жолына арналған. Оның қазақ ғылымын ұйымдастырудағы жанқиярлық еңбегі, баспагер-редакторлығы, ең бастысы, түркітанушы ретінде тіл біліміне қатысты сүбелі зерттеулері талданады.

Қаламқас Қалыбаева “*Түркілік дүнетанымның ұлттық сипаты*” атты мақаласында түркілік дүнетанымның ұлттық сипаты, түркі халықтарының тұрақты сөз оралымдарындағы көне замандардан келе жатқан сан алуан ақпараттар, фразеологизмдердің бойындағы халық басынан кешкен түрлі оқиғалардың іздері, халықтың көне кезеңдердегі наным-сенімі, түйсігі, сияқты тарихи мәліметтердің қыр-сыры сөз болады.

Айжан Қартаева “*Ұлы Абайдың әлемге танылуы*” атты мақаласында поэзия алыбы, даналық ойдың иесі, ойшыл Абай Құнанбайұлының әлемге танылуы арнайы сөз болады. Абай есімінің ең

алғаш 1890 жылдары америка жазушысы Джорж Кеннанның «Сібір және сүргін» кітабы бойынша Еуропаға танылуынан бастап, бүгінге дейінгі насихатталуына шолу жасалады. Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған шетелдік еңбектер аталып, әлем тілдеріне аударылуы баяндалады.

Гүлжібек Құсманова “*Айтыс өлеңдерінің лингвотекстологиясы*” атты мақаласында «Біржан-Сара» айтысының текстологиялық талдауы беріледі. Ертерек кезде жарық көрген екі нұсқаны салыстыра зерттеп, фонетикалық ерекшеліктерді саралайды.

Бақытжан Келгембаева “*Нұрлан Мәукенұлы лирикасындағы ұлт тағдыры*” атты мақаласында қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Нұрлан Мәукенұлының азаматтық лирикасы жайлы сөз болады. Ақынның ұлт тағдырын ұлттық мүдде тұрғысынан жырлаған туындыларындағы ерекше айшықты ойлар, заман мен қоғам, адам тағдыры жайлы толғаныстары талданады.

Жанар Байниязова “*Түркі лексикографиясының тарихы жайлы*” мақаласында қазақ лексикографиясының тарихына тоқтала келіп, түркі лексикографиясының жетістігі ретінде М. Қашғаридің сөздігінің құрылымдық-әліпбилік ұстанымы жайлы деректерге тоқталады. Мақалада ортағасырлық араб жазулы түркі лексикографиясы мен қазақ лексикографиясы арасында белгілі бір дәрежеде

бұрыннан келе жатқан дәстүр сабақтастығы бар екендігі де баяндалады.

Бердібек Бияров “*Ұлы Абай туып-өскен өлкенің жер-су аттары*” атты мақаласында Абай туған өлкенің этимологиясы күңгірт тартқан, мәні көне түркі немесе монғол тілдерінде ашылатын жер-су аттарына тілдік талдау жасайды.

Салима Симбаева “*Интертекстуалдылықтың мәтінтанудағы рөлі*” атты мақаласында мәтін, мәнмәтін және интертекстуалдылық мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар интертекстуалдылықтың мәтінтанудағы рөлі көрсетіліп, әдебиеттегі интертекстің қолданысына мысалдар келтіріледі.

Алуа Таңжарықова “*Мистикалық шығармалар мазмұнындағы діни мотивтер, символдар, культтің көркемдік қызметі*” атты мақаласында қазақ фольклорындағы мистикалық дүниетаным сөз болады. Қазақ халқының мистикалық негізі әулиелермен байланыстыратынын айта келіп, ұлттық сөз өнеріндегі мистикалық сарындар талданады.

Үміт Анесова мен Сәрсенбай Құлманов “*Көркем мәтіндегі теңеу-символдардың семантикасы*” атты мақаласында символ, образ терминінің түрлі мағынасына анықтама беріледі. Теңеу мен символдың айырым, ұқсас белгілері мысалдар арқылы дәлделенеді. Символдың кез келген жағдайда теңеу бола алатыны жайында баяндалады.

Арайлы Сарсембаева *“Жоғары оқу орындарында көп тілді оқыту арқылы көп тілді орта қалыптастыру”* атты мақаласында жоғары кәсіби білім беру жүйесінде көп тілдерде оқыту және жоғары оқу орындарында көп тілдер ортасын қалыптастыру мүмкіндіктері мәселелері қарастырылады.

Сөз соңында айтарымыз, аталмыш еңбекте Қазақстандық ғалымдардың қазақ және түркі тіл білімі мен әдебиеттану мәселелеріне қатысты ойларын ортаға салған он екі мақаласы жарияланып, ғылыми айналымға еніп отыр. Еңбек қазіргі түркі тілдерімен айналысатын ізденушілерге, студенттерге және көпшілік оқырман қауымға пайдалы болады деген үміттеміз.